«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «№14 САМАЛ» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО КАЗЕННОГО ПРЕДПРИЯТИЯ «ЯСЛИ-САД «№14 САМАЛ» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

120011, Қызылорда облысы , Қызылорда қаласы
Ақмешіт ш/а, Ғимарат 33, тел: +7 (7242) 71 – 13 – 07
Email : thebest_children@mail.ru

120011, Кызылординская область, город Кызылорда
Акмечеть м/р, Здание 33, тел: +7 (7242) 71 – 13 - 07
Email : thebest_children@mail.ru

«05» 03 2026 ж/г

№ 23

"Раяна 16" ЖШС
Курманбеков Кажымухан Каримович

"Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің "№14 Самал бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны 2026 жылға арналған азық-түлік өнімдерін сатып алу бойынша № 16068336-1 конкурс нәтижелері туралы 2026 жылғы 03 наурыздағы № 280935 Сіздің шағымыңызды қарастырып, төмендегіні хабарлайды.

1. "Раяна 16" ЖШС жұмыс тәжірибесін бағалау бойынша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында, сондай-ақ жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектепке дейінгі ұйымдарда тамақтануды ұйымдастыру қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 8-қосымшаның 1-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің соңғы 7 жылдағы жұмыс тәжірибесі әрбір 12 ай үшін 1 балл есебімен, бірақ 5 балдан аспайтын мөлшерде бағаланады.

Қағидаларға 8-қосымшаның ескертпесінің 1-тармағына сәйкес, жұмыс тәжірибесі тиісті кезеңдегі шарттар мен тауарды қабылдап-тапсыру актілерінің көшірмелерімен расталады. Бір кезең ішінде бірнеше ұйымға тауар жеткізуге жол беріледі, алайда мұндай жеткізілімдер жинақталмайды.

Сіз ұсынған шарттарға және тауарларды қабылдау-тапсыру актілеріне сәйкес конкурстық комиссия міндеттемелерді орындаудың келесі кезеңін растады:

2019 жыл: №004 шарт ұсынылған, алайда аталған шартқа орындалған жұмыстар актілері қоса берілмеген. Сонымен қатар 07.01.2019 жылғы №1 шартқа 12 айға акт ұсынылған, бірақ №1 шарттың өзі ұсынылмаған.Конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес, шарт немесе орындалған жұмыстар актісі болмаған жағдайда кезең есепке алынбайды.***(0 ай)***

2020 жыл: 20.09.2020 жылғы №1 қосымша келісім ұсынылған, оған 09, 10, 11, 12 айларға актілер қоса берілген (4 ай). Сондай-ақ 10.01.2020 жылғы №001 шартқа 01–08 айларға актілер ұсынылған, алайда №001 шарттың өзі ұсынылмаған. №001 шарттың болмауына байланысты 01–08 айларға актілер есепке алынбайды. ***(4 ай)***

Сканировано с CamScanner

2021 жыл: №1609…285/210045/00 шарты ұсынылған, оған 11 және 12 айларға актілер бар (2 ай). Қосымша «Ансар Каусар» тапсырыс берушісінен 12 айға акт ұсынылған, алайда аталған актіге шарт қоса берілмеген. Шарт болмағандықтан 12 айға ұсынылған актілер есепке алынбайды. ***(2 ай)***
2022 жыл: 20.08.2021 жылғы №3 шартқа 05.01.2022 жылғы қосымша келісім ұсынылған, барлық 12 айға актілер бар. Құжаттар толық көлемде расталған. ***(12 ай)***
2023 жыл: 05.01.2023 жылғы №2 шарт және сол шартқа толық 12 айға актілер ұсынылған. Құжаттар талаптарға сәйкес.***(12 ай)***
2024 жыл: №5 шарт және сол шартқа сәйкес ақпан айынан бастап қазан айына дейін және желтоқсан айына 10 айға актілер ұсынылған.***(10 ай)***
2025 жыл: №01 және №4 шарттар ұсынылған, №01 шартқа сәйкес ақпан айынан бастап қараша айына дейін актілер бар. №4 шарт бойынша желтоқсан айы есепке алынды. Жалпы ***11 ай.***

Жалпы есептеу: 0 + 4 + 2 + 12 + 12 + 10 + 11 = 51 ай / 12 = 4 балл

Осылайша, есептеу тек шарттар мен орындалған жұмыстар актілерімен расталған нақты кезеңдер негізінде жүргізілді. Берілген балдарды **қайта қарауға негіздер анықталған жоқ.**

2. «Orda Co» ЖШС бойынша

1) «Orda Co» ЖШС-нің транспорты бойынша

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-5 бұйрығымен бекітілген "Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының талаптарына сәйкес мамандандырылған көліктің бар болуына арналған құжаттар (автокөліктің техникалық сипаттамаларын, автокөлікке техникалық паспорттың мәліметтерін (№, берілген күні, автокөліктің маркасы, автокөліктің мемлекеттік тіркеу нөмірі, иесі), эпидемиялық маңыздылығы елеусіз объект қызметінің (пайдалануының) басталғаны туралы хабарлама ұсынылған кезде тиісті балл қойылады. «Orda Co» ЖШС ұсынған құжаттар бойынша:

1.Ford Transit автокөлігіне техникалық паспорт ұсынылған, мемлекеттік тіркеу нөмірі 591AJ11, түсі – ақ.

2.Эпидемиялық маңыздылығы елеусіз объект қызметінің (пайдалануының) басталғаны туралы хабарлама ұсынылған.

3.Қосымша түрде 16.09.2024 жылғы №5-54/14125 анықтама ұсынылған (Қызылорда облысы Полиция департаментінен), онда көлік құралының тіркеу деректерінде ерекше белгі бар екендігі көрсетілген. Аталған анықтамада көлік құралы рефрижераторлық қондырғымен жабдықталғаны көрсетілген. Құжаттағы «ақшыл» түс рефрижераторлық қондырғыға қатысты, автокөлік құралының өз түсіне қатысты емес.Сонымен қатар мемлекеттік тіркеу нөмірі, маркасы, иесі, тіркеу деректері техникалық паспорттағы мәліметтермен толық сәйкес келеді.

Осылайша, «Orda Co» ЖШС санитариялық талаптарға сәйкес келетін мамандандырылған автокөліктің бар екенін растайтын құжаттарды толық ұсынған. Берілген баллдарды **қайта қарауға негіздер анықталған жоқ.**

2) «Orda Co» ЖШС-нің жұмыс тәжірибесі бойынша

Шағымда «Orda Co» ЖШС 24.04.2019 жылы тіркелгендіктен, толық 7 жыл жұмыс тәжірибесі жоқ, сондықтан балл беру негізсіз деген уәж келтірілген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында, сондай-ақ жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектепке дейінгі ұйымдарда тамақтануды ұйымдастыру қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 8-қосымшаның 1-тармағына

Сканировано с CamScanner

сәйкес, әлеуетті өнім берушінің соңғы 7 жылдағы жұмыс тәжірибесі әрбір 12 ай үшін 1 балл есебімен, бірақ 5 балдан аспайтын мөлшерде бағаланады.

Осылайша, қағидаларда 7 жыл толық жұмыс тәжірибесінің болуы міндетті талап ретінде белгіленбеген. Соңғы 7 жыл ішіндегі нақты расталған кезең ғана балл есептеу үшін негіз болып табылады.

Егер әлеуетті өнім беруші белгілі бір жылдары қызмет атқармаған болса немесе шарттар болмаған жағдайда, бұл оның конкурсқа қатысуына шектеу қоймайды. Мұндай жағдайда тек тиісті кезең үшін балл есептелмейді.

Сәйкесінше, «Orda Co» ЖШС-не балл беру соңғы 7 жыл ішіндегі нақты расталған айлар мен шарттар негізінде жүргізілген және қолданыстағы қағидалар талаптарына толық сәйкес келеді.

2019 жыл бойынша шарт және соған сәйкес мамырдан желтоқсанға дейінгі актілер ұсынылған — 8 ай, және осы кезең жұмыс тәжірибесі ретінде есепке алынды.

2020–2025 жылдар бойынша шарт және әрбір жыл бойынша 12 айға актілер ұсынылған.

№598 бұйрыққа сәйкес, әрбір расталған 12 ай үшін 1 балл беріледі, ал максималды саны — 5 балл. Осылайша, конкурс комиссиясы расталған жұмыс тәжірибесі үшін 5 балл дұрыс есептеген.

Конкурстық комиссия *2025 жылғы 03.01.2025ж №01/2025 шарты бойынша* Өнім беруші Актілер мен қосымшаны осы жылғы шартқа дәлелдеуші құжат ретінде бергендіктен, шарттың күні сәйкес, шарттың тараптары мен пәні сәйкес келгендіктен осы құжаттар шегінде әрекет етті.

Осылайша, есептеу тек шарттар мен орындалған жұмыстар актілерімен расталған нақты кезеңдер негізінде жүргізілді. Берілген балдарды **қайта қарауға негіздер анықталған жоқ**.

2.1) Шағымда барлық жұмыс тәжірибесін растайтын шарттар, міндетті түрде электронды түрде Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жасалуы керек деген уәж келтірілген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығының 8-қосымшасына сәйкес, жұмыс тәжірибесі конкурс өткізілетін тиісті аймақта ағымдағы жылдың өткен 7 жылдағы жұмыс тәжірибесінің болуы тауарларды жеткізу кезеңі, осы шарттарды орындаудың әрбір айы үшін тауарларды қабылдау-тапсыру актілері көрсетіле отырып, бұрын жасалған шарттардың көшірмелерімен расталады.

№598 бұйрықта барлық шарттар міндетті түрде электронды түрде Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жасалуы тиіс деген талап белгіленбеген. Сондықтан, шарттың нысанына қарамастан жеткізушінің жұмыс тәжірибесі нақты шарттар мен актілермен расталған жағдайда есептеледі.

3. Дауларды қарау үшін сотты таңдау бойынша түсіндірме

Шағымда тауар жеткізу орны (Қызылорда облысы) мен шарттарда көрсетілген дауларды қарау тәртібі (Қарағанды облысының ауданаралық экономикалық соты) әртүрлі деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процессуалды кодексі (2015 жылғы 31 қазан №377-V, 32-бап «Шарттық соттылық») бойынша тараптар өзара келісім бойынша істі сот талқылауына дайындау сатысында осы іс үшін, оның ішінде соттың іс жүргізуінде жатқан істер бойынша аумақтық соттылықты өзгерте алады, эксаумақтық соттылықты таңдай алады.

Осыған сәйкес жеткізуші шартта көрсетілген тауар жеткізу орны басқа облыста (Қызылорда облысы) болса да, Қарағанды облысының ауданаралық экономикалық сотына жүгінуге құқылы.

Сканировано с CamScanner

Осылайша, шарттардағы дауларды қарау тәртібі мен сотты таңдау заңға сәйкес келеді, және жеткізушінің көрсетілген сотқа жүгіну құқығы сақталады.

4. Шағымда ұйым басшысының өзгеруі туралы құжаттың болмауы

Ұйым басшысы өзгерсе де ұйым өзінің құқықтық қабілеттілігін, заңды мәртебесін және салық төлеушінің идентификациялық нөмірін (БСН) сақтайды.Басшының өзгеруі ұйымның құқықтық қабілеттілігіне, тапсырыс беруші алдындағы міндеттемелеріне немесе жұмыс тәжірибесіне әсер етпейді.Сондықтан басшының ауысуы туралы құжат міндетті болып табылмайды.

5. Деректердің нақтылығы (2025 жыл, «Нұр Амина» балабақшасы)

Шағымда 2025 жылға арналған жұмыс тәжірибесі көрсетілген шартта «Нұр Амина» балабақшасы Тапсырыс беруші ретінде көрсетілген, ұсынылған құжаттарға Тапсырыс берушінің тараптары мәліметіне Таханова Г.М. қол қойған, ал балабақшаның құрылтайшысы Таумбаева Айжан Багдатовна делінген.

Тексеру аясында «Нұр Амина» балабақшасына сұрау жолданды, және 05.03.2026 жылғы №13 хатында 2025 жылы мекеме меңгерушісі болып Таханова Г.М. тағайындалғаны расталды.

«Orda Co» ЖШС-мен шарт тараптар арасында жасалып, қол қойылып, мөр қойылған. Штаттық бірлік статусы (құрылтайшы немесе меңгеруші) өтінімді кері қайтару үшін негіз болмайды, себебі шарт бойынша міндеттемелер орындалған және құжаттармен расталған.

6. Тауар жеткізушілерді таңдау (Қосымша 8)

Шағымда «Orda Co» ЖШС лоттарда нақты тауар атауын көрсетпегені көрсетілген. Конкурс тауарларды сипаттамалары бойынша бөлінген лоттармен тағам өнімдерін сатып алу үшін жарияланған. Алайда, сатып алу нысаны жалпы тағам өнімдері санатына жатады. №598 бұйрықтың 8-қосымшасы бойынша әлеуетті жеткізушінің жұмыс тәжірибесі бұрын жасалған шарттар мен тауарларды қабылдап-тапсыру актілерімен расталады.

Сондықтан, ұсынылған шарттар мен актілер негізінде жеткізушінің тағам өнімдерін жеткізу тәжірибесі конкурс комиссиясы тарапынан «Жұмыс тәжірибесі» өлшемшарты аясында дұрыс есепке алынды.

Осылайша, конкурс комиссиясы тарапынан аталған критерий бойынша балл есептеу №598 бұйрық талаптарына сәйкес және заңды түрде негізделген.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде "Раяна 16" ЖШС шағымы **қанағаттандырусыз** қалдырылады.

Осы жауаппен келіспеген жағдайда, сіз Қазақстан Республикасының **Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабына** сәйкес белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылысыз.

№14 «Самал» бөбекжай-бақшасы
КМҚК меңгерушісі **Г.Қ.Сарбасова**

Сканировано с CamScanner